

«БЕКІТЕМІН»
Алматы қаласы ҚДСБ
ШЖҚ «ОҚКА» КМК Директордың м.а
А.М.Кенжебаев
« » 2023 жыл

Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «Орталық қалалық клиникалық аурухана» КМК
«Кәсіпорындағы жемқорлыққа қарсы күрес саясаты»

Алматы қаласы 2023 жыл

1 Тарау. Жалпы ережелер

1. Бұл Жемқорлыққа қарсы күрес саясаты Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «Орталық қалалық клиникалық аурухана» КМК (әрі қарай – Саясат және қоғам) ҚР Жемқорлыққа қарсы күрес Заңнамасына және Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «Орталық қалалық клиникалық аурухана» КМК ішкі құжаттамаларына сәйкес жасалған.

2. Бұл Саясат белгілейді:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар мен міндеттерді;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі қағидаттарын;
- 3) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны іске асыру жөніндегі міндеттемелерді;
- 4) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар кешенін;
- 5) осы Саясаттың сақталуына жауапкершілікті.

3. Осы Саясаттың негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу, шектеу және жою, Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлықты сипаттайтын шаралар жүйесін әзірлеу және іске асыру болып табылады. Саясат субъектілеріне төзбеушілік, Қоғам мен оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мінез-құлықтың жоғары стандарттарына адалдығы, іскерлік беделді нығайту және Қоғамға деген сенімді арттыру.

Осы Саясаттың № 1 қосымшасы Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «ОҚКА» КМК барлық қызметкерлерінің танысуына және қатаң сақтануына міндетті болып табылады.

2 Тарау. Қолдану саласы

Бұл Саясат барлық лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің танысуы және мүлтіксіз сақтануы үшін міндетті болып табылады.

Осы Саясат ресми ғаламтор-ресурсында жариялануы тиіс.

3 Тарау. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың мақсаттары мен міндеттері

Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «ОҚКА» КМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерді атқаратын лауазымына қарамастан сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту тәуекелін барынша азайту болып табылады.

Қойылған мақсатқа жету үшін осы саясат мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

- 1) Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік түсінігін қалыптастыру;
- 2) Қоғамға, лауазымды тұлғаларға және қызметкерлерге қолданылуы мүмкін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы Заңнамасының негізгі талаптарын жалпылау және нақтылау;

3) Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы Заңнамасының, осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын білу және сақтау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықты ескерту және алдын алу бойынша барабар рәсімдерді іске асыру міндетін белгілеу;

4) сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын барынша азайтуға және (немесе) жоюға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды әзірлеу және іске асыру.

4 тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидалары

Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл шаралары төмендегідей қағидаларға негізделеді:

- 1) заңдылық және этика;
- 2) Кез келген нысандарда және көріністерде сыбайлас жемқорлық әрекеттерін қабылдамау;
- 3) Сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне, оның ішінде Қоғамдағы мүдделер қақтығысының көріністеріне жол бермеу.

5 тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт – Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «ОҚКА» КМК қызметі үшін белгіленген сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсыным жүйесі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың 2 және 3-қосымшаларына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «ОҚКА» КМК -да жұмыс істейтін адамдардың іс-әрекеттері мен шешімдерін айқындайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

- 1). Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «ОҚКА» КМК қызметкерлерінің өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруы кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын және жауапкершілігін қалыптастыру;
- 2). Сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың жағымсыз салдарын болдырмау.

6 тарау. Мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу

Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «ОҚКА» КМК И мүдделер қақтығысы қызметкердің жеке мүддесі (тікелей немесе жанама) оның міндеттерін объективті және бейтарап орындауына әсер ететін немесе оның құқықтарына және Қоғамның, үшінші тұлғалардың заңды мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін жағдайда туындайды.

Қызметкердің өз лауазымдық қызметін орындауы барысында жеке басыны пайдасына үшінші тұлғалардан қаржылай, құнды мүлік немесе мүліктік сипаттағы құнды заттарды алуы немесе мүліктік заттарды үшінші тұлғалардан өз атына аударуы қызметкердің тек өз жеке басының қызығушылығы болып табылады.

Қақтығысты болдырмау, алдын алу және реттеу мақсатында қызметкерлер міндетті:

- 1). Қоғамда мүдделер қақтығысының кез келген мүмкіндігін болдырмау үшін шаралар қабылдау;
- 2). Пайда болған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның пайда болу ықтималдығы туралы ақпаратты Қоғам белгілеген рәсімдерге сәйкес өзіне белгілі болған кезде ашуға;
- 3). Функционалдық міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысының туындау қауіпін барынша азайту.

Мүдделер қақтығысының алдын алу немесе реттеу мүдделер қақтығысының тарапы болып табылатын Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «ОҚКА» КМК қызметкерінің қызметін немесе қызметтік жағдайын өзгертуден, белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерді орындау және (немесе) мүдделер қақтығысына әкеп соқтыратын пайдадан бас тарту, оны қақтығыстан шығарылғанға дейінгі уақытты қамтуы мүмкін.

7 тарау. Құқық бұзушылық жайлы ақпарат беру

Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «ОҚКА» КМК қызметкерлері өздерін қандай да бір жемқорлық қимылдарына итермелейтін кез-келген жүгінулер жайлы дереу тікелей өзінің басшылығына және комплеанс-офицерге хабарлауға міндетті.

Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «ОҚКА» КМК қатысы бар кез-келген қызметкерде жемқорлық әрекеттер жайлы қандай да бір мәліметтер болған жағдайда немесе жемқорлық әрекет болуы мүмкін жағдайларда, жемқорлық әрекетті көре отырып басқа лауазымды тұлғалардың әрекетсіз қалуы жайлы тікелей аурухана басшылығына, бөлім басшысына сонымен бірге комплеанс – офицерге хабарлауға міндетті.

Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «ОҚКА» КМК қызметкерлері Қазақстан Республикасының Жемқорлыққа қарсы күрес Заңына сәйкес құқық бұзушылық әрекеттері үшін жеке жауапкершілікке тартылады.

8 тарау. Персоналды басқару

Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «ОҚКА» КМК қызметкерлерді жұмысқа қабылдау барысында объективтілік пен адалдық принциптеріне бағынады. Қызметкерлерді жұмысқа алу, олардың жұмысын бағалау, қызметте алға жылжу және жұмыстан шығару кезінде жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін:

1). Кадрларды іріктеу мен қабылдаудың ашық рәсімдерін және лауазымға тиісті біліктілік талаптарын белгіленген тәртіппен әзірлейді және бекітеді;

2). Еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдағанға дейін жұмысқа орналасуға кандидаттарды олардың сенімділігіне және мүдделер қақтығысының болмауына тексеруді жүзеге асырады;

3). Персоналдың жұмысын бағалайды және оның негізгі қызмет көрсеткіштері мен кәсіби жетістіктерінің тиімділігіне қарай сыйақы төлейді;

4). Қызметкердің іскерлік қасиеттері мен біліктілігін ескере отырып, жоғары лауазымға көтеру туралы шешім қабылдайды;

5). Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша қызметкермен еңбек қатынастарын тоқтату тәртібін жүзеге асыру.

9 тарау. Жауапкершілік

Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «ОҚКА» КМК барлық қызметкерлері, қызмет түрі мен лауазымына қарамастан Жемқорлыққа қарсы саясаттың принциптері мен талаптарының орындалуына жекелей жауап береді. Сонымен қатар, осы Саясаттың принциптері мен талаптарын орындау кезінде қарауындағы қызметкерлердің де әрекеті (әрекетсіздігі) үшін жауап береді.

10 тарау. Қорытынды ереже

Бұл Саясаттың заңды қолданысқа енгізілу уақытын Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «ОҚКА» КМК директорының Жемқорлыққа қарсы Саясатты бекіту күнін есептейміз.

Бұл Жемқорлыққа қарсы Саясатқа Қазақстан Республикасының Заңнамасына өзгерістер енгізілген жағдайда өзгеріс жасауға болады.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «ОҚКА» КМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат субъектілерінің іс-қимылдарын үйлестіруді және бақылауды комплеанс-офицер жүзеге асырады.

КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ

[illegible]

ТАНЫСУ ҚАҒАЗЫ

[illegible]